

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу
құқығындағы «Қалалық онкологиялық орталық» мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны

Хаттама № 7

Шымкент қаласы

15 мамыр 2024жыл

Күн тәртібінде:

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті
проблемалардың бірі.

Қатысқандар: 24

Күн тәртібі бойынша: Орталықтың комплаенс офицері Алихан Б.Е. баяндама
жасады:

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси
дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде
өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас
жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың
құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің
саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашак дамуына
елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі
басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қары күрес туралы»
заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде
немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді зансыз алу және мемлекеттік қызмет
атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық
өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін
жеке басына пайдалануы, сондай-ақ атальыш тұлғаларға жеке және занды
тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайши түрде пара
ұсыну жолымен сатып алуы». БҮҮ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық
терминінің халықаралық-саяси анықтamasы мынадай деп берілген: сыбайлас
жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар
мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Елімізде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 4-бабы

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) занымы; 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заным мұдделерін қорғау басымдығы; 3) жариялыштық пен ашықтық; 4) мемлекет пен азаматтың қоғамның өзара іс-қимыл жасауы; 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану; 6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану; 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу; 8) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Осы аталған саладағы қабылданған Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыйбайлас жемқорлық көріністерінен туындастырын қауып қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардалтарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялыштық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет.

Сыйбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда.

Комплаенс офицер

Алихан Б.Е.

